



DAMU
КӨСІПКЕРДІКТІ, ДАМУ ТҮ ҚОРЫ



Ұлттық Өнер

«Даму» Қорының қолдауымен шығарылған қазақтың дәстүрлі тағам,
қолөнер және тұрмыстық заттары

Традиционные казахские угощения, предметы искусства и быта,
произведенные при поддержке Фонда «Даму»

Kazakh Traditional Delicacies and Art Objects Produced with Support of
«Damu» Fund



Құрметті оқырман!

«Даму» Қоры – ел экономикасын алға сүйрейтін микро, шағын және орта кәсіпкерлікті қаржылай қолдау арқылы әлеуметтік-экономикалық өркендеуге сеп болатын даму институты.

Қазақстанның тәуелсіздік алғанына 30 жыл толуы – ел үшін айтулы дата. «Даму» Қоры құрылған 1997 жылдан бері шамамен 140 мың жобаға 8,2 трлн теңгеге қолдау көрсетілген. Қазақстанның барлық өңірінде Қордан көмек алған кәсіпкерлер жұмыс істеп, ел экономикасының дамуына үлес қосып, мыңдаған адамды жұмыспен қамтып отыр. Біз бүгін солардың ішіндегі қазақи нақышта немесе ұлттық дәстүр бойынша өнім шығаратын кәсіпорындардың бұйымдары бейнеленген фотоальбом дайындадық. Жинаққа енген өнімдер ұлт дәстүрінен хабар беріп, көне шеберлердің ұрпақтан ұрпаққа мұра еткен өнерінің заманауи айшықталған көрінісін паш етіп, қазақтың өмір тұтынымы мен тіршілігінен хабар беретін, бүгінде кәсіп көзіне айналып, тұтынушыға азық немесе тұрмыстық бұйым ретінде ұсынылып отырған түрлері жинақталған.

Фотоальбом бірнеше бөлімнен тұрады. Парақтай отырып ағаштан жасалған тұрмыстық заттар мен ыдыс-аяқ, бір кезде көшпенді жұрттың азығы болған жент, құрт, саумал секілді тағамдардың жаңа технология, заманауи орамда жасалған түрлерімен, тұрмысқа керек заттармен таныса аласыз.

Сайын даланы мекен еткен ұлт ұрпағының тұпсанасында әуезді әуен орныққан. Қазір біздің кәсіпкерлер домбыра, қобыз, сыбызғы секілді қазақтың ұлттық музыка аспаптарының үні сапалы етіп жасап қана қоймай, сырт көрінісін де көз тартар етіп дайындайтын болған.

Қазақтың сән-салтанатының басты элементінің бірі саналатын әшекейлердің орны өзінше бөлек. Жаңқадан түйме, жантақтан ине жасап, темірді қамырша илейтін зергерлердің көз тартар бұйымдарының бірінен бірі өткен әсемдігі сонша, бұл бөлім бетіне салынатын саны шектеулі әшекейлер суретін таңдау оңайға соққан жоқ.

Альбом соңын интерьер заттар түйіндеп тұр. Бір кезде киіз үйдің керегесін жайнатқан кілем, сырмақ, түскиіздер заманауи қалыпта панно, картина ретінде қазір талай отбасының төрінен орын алған. Жұқаяқ үстіне қат-қабат жиналған құрақ көрпені сол заманда қалдырмай осы күнге дейін қиюын келістіріп, оюын оқалап жасап, табыс көзіне айналдырып отырған жандар көп. Альбомның соңғы бетінен сондай ине-жіптен жәдігер тудыратын жандардың көрпе-төсек бұйымдарына дейін көре аласыз.

Заманауи қалыпта жасалып, сәнделіп және көз тартар орама-қаптармен безендірілген мұндай тауарларға сұраныс төмендемек емес. Оны тек Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі тұтынушыға жеткізіп қана қоймай, шет елге де шығарып, ел мәдениетінен хабар беретін бұйым арқылы араға алтын көпір салып отырған кәсіпкерлерді мақтан тұтамыз. Олардың қолынан шыққан дүниеге тапсырыс беріп, сатып алам деушілер үшін соңғы бетте байланыс мәлімет те берілген.

Бұл фото-альбом сіздің де көңіліңізден шығып, кәдеге асар деп ойлаймыз. Көзайым болыңыз!

Уважаемые читатели!

Фонд «Даму» - это институт развития Казахстана, который содействует социально-экономическому развитию страны через финансовую поддержку микро-, малого и среднего предпринимательства.

Тридцатилетие Независимости Казахстана - это крупная дата в истории нашей страны. С момента основания в 1997 году Фонд «Даму» поддержал порядка 140 тысяч проектов на сумму более 8,2 трлн тенге. Во всех регионах Казахстана успешно работают поддержанные Фондом предприятия, вносят свой вклад в экономику страны и обеспечивают работой тысячи граждан. Мы решили собрать и издать альбом-сборник продукции производителей казахских традиционных изделий. Фонд «Даму» подобрал среди своих клиентов наиболее интересные предприятия, создающие предметы быта и искусства, передающие самобытность культуры казахов.

Сборник поделен на несколько частей. В альбоме вы найдете предметы быта, изготовленные из дерева, изумительные по вкусу традиционные продукты: жент, курт, саумал и другие сладости.

Ничто так не характеризует степняка как фольклорная музыка. И наши народные умельцы смогли создать успешные предприятия, продукция которых пользуется спросом – домбра, кобыз, сыбызгы и другие музыкальные инструменты.

Радуют глаз прекрасные ювелирные изделия. Это самый увлекательный раздел, подобрать иллюстрации к которому было сложнее всего, из-за обилия утонченных и необычных изделий.

И венчают альбом предметы интерьера – текстиль, ковры, сырмаки, тускиизы, сувениры. Приятные на ощупь, с ритмично повторяющимся узором, украшенные знакомыми с детства орнаментами - кошкар муиз, туге табан, кус мурын, эти изделия греют сердце.

Современная интерпретация, упаковка и подача делают продукцию казахстанских производителей востребованной не только самими нами, жителями многонационального Казахстана, нашими детьми, но гостями из других стран. Изделия отдельных компаний экспортируются за рубеж и являются нашей особой гордостью.

Надеюсь, что этот сборник будет полезным и интересным для вас!
Приятного просмотра!

Председатель Правления
АО «ФРП «Даму»

Гаухар Бурибаева

Dear readers!

“Damu” Fund is Kazakhstan's development institution that enables social and economic development of the country through financial support to micro, small and medium entrepreneurship.

30 years of independence of Kazakhstan is a notable date in the history of our country. Since establishment in 1997 “Damu” Fund supported nearly 140 000 projects for 8.2 trillion tenge. The enterprises our Fund supported successfully operate in all regions of Kazakhstan, contribute to country's economy, and employ thousands of citizens. We decided to collect and issue an album with photographs of Kazakh traditional products. Among its clientele, “Damu” Fund selected the most interesting producers of art works, delicacies and houseware, which reflect uniqueness of Kazakh culture.

The collection consists of several sections. You will find houseware made of wood, delicious traditional food: zhent, qurt, saumal and others.

Nothing distinguishes a steppe nomad as folklore music. Our artisans could set up successful businesses to produce much-demanded ethnic musical instruments – dombra, qobyz, sybyzgy and others.

Beautiful jewelry are a delight for eyes. It is the most interesting part and it was difficult to pick photographs, as there were many fine and unique items.

In the final section, we display homeware and interior decorations – textile, carpets, syrmarks, tuskiiiz, and souvenirs. Nice to touch, with beautiful ornaments we know from childhood – qoshqar muiz, tuye taban, qus muryrn, - these things warm our hearts.

The modern interpretation, package and presentation make products of Kazakh producers demanded not only among us, living in multiethnic Kazakhstan, but among our foreign guests too. Products of some of the companies introduced are exported abroad and we are proud of it.

I hope this collection will be useful and interesting to you!
Have a pleasant time viewing the album!

Chairperson of the Managing Board of
«Damu» Entrepreneurship Development Fund

Gaukhar Buribayeva

Ағаштан жасалған қазақтың ұлттық ыдыс-аяқтары

Қазақ халқы ерте кезден-ақ тұрмысында ас салатын, сақтайтын ыдыстарға аса мән беретін болған. Көбінесе ағаштан, мал терісінен, металдан және саз балшықтан жасаған. Қолөнер – ұлт мәдениетінде ерте заманнан бері атадан балаға мұра болып келе жатқан өнер түрі.

Әр түрлі ұлт өкілдерінің тұрмысында күн бүгінге дейін сақталып келе жатқан тұрмыстық бұйымдар, ыдыс-аяқ түрлері сан ғасырлар сынынан өтіп, сомдалған қолөнердің озық үлгілері.

Ағаштан ою оятын шеберлерді халық ағаш ұстасы дейді. Ыдыс-аяқ жасау үшін алдын ала қайың бұтақтары мен бездерін шауып алып, көлеңкеде кептіріп, тұзды суға салып қайнатады. Содан соң көлеңкеге қойып кептіреді. Сосын асықпай өңдеп, қажетті ыдыс-аяқ шабылып, жонылады. Мұндай таза суда қайнатылған ағаштан жасалған ыдыс ыстық-суыққа, соққыға төзімді, жарылмай көп уақыт бойы қызмет етеді. Астау, табақ, тегене де дәл солай. Қайың, тал сияқты ағаштан жонып жасалып, жылқы қазысының қайнатылған майымен сыланады.

Казахская национальная посуда из дерева

Ремесленничество – искусство, пришедшее в нашу современность из глубокой древности, передаваясь наследием от отца к сыну. Каждый народ имеет уникальные образцы изделий народного ремесленничества, традиции производства которых, к счастью, сохранены по сей день. Отдельным направлением народного искусства было и является производство посуды, - изделия, которое необходимо в быту каждому человеку каждый день.

Традиционная казахская посуда производилась, в основном, из легких материалов – дерева и кожи. Кочевникам было легко их перевозить с места на место. Конечно, была и есть у казахов посуда из металла, ведь только в ней можно готовить блюда на костре, а также из глины, материала, который в избытке в природе и который легко поддается обработке.

Ремесленников, вырезающих изделия из дерева, называли «ұста» - «мастер». Они высушивали в тени березовую ветку или полено, затем кипятили их в подсоленной воде и снова оставляли сушиться в тени. После того, как дерево высохло, его стругали, придавая форму тарелки, чашки или ложки и обтесывали до гладкости, после чего обмазывали горячим салом. Выполненная по такой технологии деревянная посуда отличалась крепкостью и служила долго. Именно так создавались большое овальное блюдо астау, круглое блюдо табақ, глубокая чаша тегене.

Kazakh traditional wooden dishware

Handicraft is an art that came to the present from the ancient times as sons inherited the craftsmanship from fathers. Every nation has fortunately saved the traditions of produce of unique exemplars of handicraft to the day. An outstanding art was and still is crafting dishware as those are the utilities everyone uses every day of their lives.

Traditional Kazakh dishware was made from lightweight materials, wood and leather. It was easier for nomads to transport them from place to place. However, certainly Kazakhs had and still have dishware made of metal since they only can be used for cooking on open fire as well as made of clay which is found nearly everywhere and is easy to process.

Craftsmen working with wood were called “usta” («ұста») which means “master”. They let a birch branch or billet dry in a shadowed place, then boiled it in salty water and left it to dry in a shadow again. When the wood dried it was scoled to form a plate, bowl or a spoon and hewed to evenness and smoothness, and then the ware was polished with a fat. Produced by such technology wooden dishware was firm and longlasting. This is how they made the big oval plate astau, smaller circled tabaq, and deep bowl tegene.









Қазақтың ұлттық азық-түлігі

Ас сақтайтын ыдысқа зор мән берген қазақ халқы сол ыдысқа салынатын ас дайындауда да ерекше мұқият болған. Қазақтың ұлттық тағамдары - сан ғасырлардан бері қалыптасқан дәстүрлі ас мәзірінің жиынтығы. Көшпенділердің күнделікті тағамы денсаулыққа өте пайдалы және төрт түлік малдан алынатын, дәнді дақылдардан жасалатын, табиғи, ауа-райының құбылмалығына төзімді, сақтауға ыңғайлылығымен ерекшеленеді. Қазақ асханасының негізі деп сүттен жасалатын тағамдарды да атауға болады. Сиыр сүтінен айран, құрт, ірімшік, қатық, сүзбе, май, қаймақ, түйе сүтінен шұбат, қымыран, бие сүтінен қымыз, саумал ала білген. Тіпті ешкі мен қой сүтін де кәдеге асыратын. Сүт тағамдары астың қорытылуына, адам ағзасына қажетті кальцийдің толық болуына зор үлесін тигізеді.

Казакский традиционный дастархан

Красивую посуду казахи старались наполнять не менее красивыми лакомствами. Национальная еда формируется многие годы, претерпевая изменения или, напротив, проходя проверки временем. Ежедневная пища кочевников готовилась из натуральных продуктов, в основном, полученных от домашнего скота, зерновых культур. Ее особенностью была способность сохраняться в различных климатических и природных условиях. Можно сказать, что основой казахских десертов является кисломолочная продукция, а напитков – молоко. Из коровьего молока казахи делали айран (кефир), курт (твердый соленый сыр), иримшик (сладкий сыр), катык (йогурт), творог, масло, сметану. Из верблюжьего – напитки шубат и кымыран, а из кобыльего – кумыс и саумал. Кочевники знали, что молочная продукция способствует пищеварению и дает организму необходимые витамины и кальций.

Kazakh traditional delicacies

Nice dishware should be filled with nice delicacies. Traditional food evolves during ages, changes at times or contrary keeps under challenges of fate. What nomads ate everyday was natural food, mainly dairy or cereals. Such food should conserve in different climatic and weather conditions. The basis of Kazakh desserts and drinks was milk. They produced ayran (yogurt), qurt (firm salty cheese), irimshik (sweet cheese), qatyq and qaymaq (yogurts), cottage cheese, butter. Camel milk was fermented to drinks shubat and qymyran, and horse milk – to qymyz and saumal. The nomads knew dairy helps digestion and gives necessary vitamins and calcium.











ҚҰРТ

ASIA MILK
TRADITIONAL MILK PRODUCT

САЛАУАТТЫ ӨМІР
ЗДОРОВАЯ ЖИЗНЬ

ҚҰРТ

ASIA MILK
TRADITIONAL MILK PRODUCT

САЛАУАТТЫ ӨМІР
ЗДОРОВАЯ ЖИЗНЬ





Қазақтың ұлттық ойындары

Қазақтың дәстүрлі ойындары – көне заманда пайда болып, уақыт өте келе дамып, біздің дәуірімізге жеткен спорт дәстүрі. Олардың негізі, шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылық қарекеттерінен бастау алады. Мысалы асық ойыны баланы жастайынан дене тәрбиесіне икемдеп, мергендікке баулыса, алтыбақан – қазақ жастарының көңіл-көтеру және танысу алаңы болған.

Ал терең ойлауды талап ететін, өте қызықты ежелгі ұлттық ойындарының бірі – тоғызқұмалақ. Әрі ақыл-ойды дамытатын, адамның қабілетін арттырып ми қызметін жетілдіретін зияткерлік ойын. Алғашқы кезде үш отау, бес отаулық шағын үлгілері болған болса, бүгіндері жетілген тоғыз отаулық классикалық ережелі спорттық ойын қатарына енгізілді. Тек ойын ғана емес оның танымдық әрі тағылымдық тұрғыда да, сондай-ақ спорт, өнер, ғылым ретінде де маңызы зор.

Казахские народные игры

Традиционные игры казахского народа появились в древности и развились до видов спорта. Кочевой образ жизни и скотоводческий быт напрямую оказали влияние на формирование игровых и спортивных привычек и традиций. Например, играя в асыки (надпяточная кость овцы) с раннего детства, ребенок развивал собственную моторику, занимался физической культурой и оттачивал меткость.

Одна из интереснейших казахских игр, требующих от игрока способности мыслить глубоко и широко, называется «тоғызқұмалақ» - «девять овечьих катышков». Это интеллектуальная игра, развивающая мышление и память. Сегодня классический вариант игры, состоящий из девяти лунок, введен в перечень спортивных дисциплин. Тоғызқұмалақ – игра, имеющая важность как с точки зрения спорта, так и искусства и науки.

Kazakh folk games

Traditional games of the Kazakh people are rooted in ancient times and evolved to sporting activities. Nomadic and cattle-breeding lifestyle made a direct impact on establishment of gaming and sporting habits and customs. For example, playing asyq (sheep's heel bone) from early childhood, kids developed their motor skills, exercised physically and mastered sharpshooting.

One of the either entertaining and intellectual games is togyzqumalaq – “nine ram pellets”. This game demands ability to think deep and thoroughly and develops brain. Today the classic version of the game with nine holes is listed as a sporting discipline. Togyzqumalaq is a game, a sporting activity and an art.







Қазақтың ұлттық музыка аспаптары

Қазақтың музыкалық аспаптары (домбыра, қобыз, сыбызғы, даңғара, үскірік, кепшік, шаңқобыз, жетіген т.б.) ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан мәдени мұра. Қазақтың музыка аспаптарын жалпы ұлттық және фольклорлық деп екі топқа бөлуге болады. Негізгі ұлттық музыка аспаптары: домбыра, қобыз және сыбызғы. Музыка аспаптары кептірілген қайың, шырша, емен ағашынан, қамыстан, сазбалшық, мал терісі мен сүйегі, мүйізі, қылын пайдалана отырып жасалған.

Казахские музыкальные инструменты

Казахские музыкальные инструменты (домбыра, қобыз, сыбызғы, даңғара, үскірік, кепшік, шаңқобыз, жетіген и другие) – культурное наследие, передававшееся от поколения к поколению через многие века. Казахские музыкальные инструменты могут быть поделены на две категории – общенациональные и фольклорные. Основные инструменты – струнные домбра и кобыз, а также флейта сыбызғы. Музыкальные инструменты выполняются из березы, хвойных пород, дуба, камыша, глины, кожи, костей и рогов животных, волоса.

Kazakh musical instruments

Kazakh musical instruments (dombyra, qobyz, sybyzgy, dangara, uskirik, kepshik, shangqobyz, zhetigen and others) are cultural heritage that came across centuries from generation to generation. They can be divided into two categories – general national and folkloric. The most widely used instruments are stringed dombyra and qobyz and sybyzgy flute. Kazakh traditional musical instruments are made from birch, pine, oak, reed, clay and animal leather, bones, horns and hair.







Қазақтың зергерлік бұйымдары

Қазақтың ұлттық зергерлік бұйымдары – асыл металдарды әшекейлеп өңдеп, көп жағдайда қымбат тастармен безендіріп жасалатын.

Тұмарша (Бойтұмар) – ырымдық зат болса, жүзік, сақина алтыннан, күмістен құйып, қақтап, соғып, небір тамаша өрнектер салып, асыл тас қондырып жасалған. Олар жасалу түрі мен қолдану ретіне қарай отау жүзік, құс мұрын жүзік, тасбақа жүзік т. б. деп аталатын.

Шолпы, шашбау қыз-келіншектер шаш ұшына тағады. Білезік сыңар қолға да, қос қолға да тағыла береді. Бірнеше бөлшектен құралған, ашпалы-жаппалы, сом темірден тұтас құйылған жұмыр түрлері болады. Соған орай оларды сом білезік, жұмыр білезік, бес білезік т. б. деп әртүрлі атайды. Олардың ішінде шынжырмен жалғасып жататын бірнеше жүзігі бар білезіктер де кездеседі.

Қазақ зергерлері жасайтын ай сырға, тас көзді сырға, күмбез сырға, салпыншақ сырға, сабақты сырға, шашақты сырға деп әр өңірде алуан түрлі аталатын сырғалардың түрлері де өте көп.

Казакские ювелирные изделия

Казакские национальные ювелирные изделия производятся по общепринятой технологии из обработанных драгоценных металлов и ограненных камней. Однако их особенностью являются характерные этнические узоры и орнаменты.

Пожалуй, первым в ряду стоит амулет «тұмарша», талисман и оберег.

Широко применяются среди казахских женщин кольца, выполненные из золота и серебра, с узорами и драгоценными камнями. Верхушки колец имели разные формы с разными символическим значением. В виде шанырака, к примеру, были верхушки семейных колец «отау жүзік», которые начали носить молодожены с верой в то, что кольцо принесет в дом благополучие и счастье. Считалось, что выполненное в форме птичьего клюва кольцо «құсмұрын жүзік» оберегало от бед и неудач, а «тасбақа жүзік» («черепашье кольцо») даровало носителю долгую жизнь.

Подвески «шолпы» и ленты «шашбау» девушки вплетали в косы. Браслеты могли носить как на одной руке, так и на обеих. Бывают широкие браслеты, имитирующие несколько браслетов с разным узором. Встречаются также целые ансамбли из браслетов, соединенных цепочками с кольцами!

Выбор сережек у казахских девушек и женщин был весьма богатым. Здесь и серьги в виде месяца, каплевидные, куполообразные, сережки-сосульки, стебельки, кисточки и т.д. и т.п. – в каждом регионе страны были свои многочисленные виды этих украшений.

Kazakh jewelry

Kazakh jewelers used the common technology of production from processed precious metals and faceted gems. However, their particularity is use of distinctive ethnic patterns and ornaments.

The first to be mentioned is probably amulet “tumarsha” which was a mascot for a person bearing.

Rings made of gold and silver with patterns and gems were very popular among Kazakh women. The heads of rings had different forms with varied symbolic meanings. For example, “otau zhuzik” – family ring that newly married couples put on had the heads in the shape of shanyraq, the top of the yurt. They believed that the rings will bring wealth and happiness to their home. It was widely accepted that a ring in the shape of a bird beak “qusmuryan zhuzik” saved from misfortune and bad luck, whereas “tasbaqa zhuzik” - a turtle ring – was thought to ensure a long life for the owner.

Girls used to weave “sholpy” pendants and “shashbau” ribbons into their braids. They could wear bracelets on one or both wrists. There are wide bracelets imitating few thin ones with different patterns. And there are even sets of bracelets with chains attached to rings!

Kazakh girls and women have a rich choice of earrings. There are one in the shape of crescent, water drop, dome, icicle, stem, tassels and so on. Each region of the country has a variety of kinds of this jewelry.







Қазақтың ұлттық киімі мен аксессуарлар

Қазақ халқының ұлттық киімдері этникалық, экономикалық және климаттық жағдайларды ескере, салт-дәстүрге сүйене отырып тігілетін болған. Ұлттық киімдерде тұрғындардың географиясы, ру-тайпалық ерекшеліктері де көрінеді және ол көбіне бас киім мен шапаннан байқалады.

Ал қайыстан, барқыттан, жүннен және жібектен жасалған белдіктер қазақ киімдерінің міндетті бір бөлшегі болды. Қайыс белдіктері әр түрлі өрнек, жапсырмалармен әшекейлендіріліп, асыл тастардан салынған көздер мен сүйек оюлы бастырмамен әшекейлендірілді. Мұндай белдіктер «кісе» деп аталады. Жас жігіттердің белдіктерінде алқа, әлеміштер болды. Әйелдердің белдіктері жалпақ әрі сәнді, негізінен, жібек пен барқыттан тігілді.

Қазақ халқының киімдері мен аксессуарлары көне заман тарихымен бірге дамып, біте қайнасып келе жатқан бай қазына. Ерте заманнан күні бүгінге дейін өзінің қадір-қасиетін жоймай, қол өнерінің озық үлгісі ретінде ғана емес, әрі әсем, әрі ыңғайлылығымен де пайдаланудан қалмай келе жатқан қазақтың ұлттық киімдері әлі де аз емес. Қазақы киімнің барша сымбаты мен ою-өрнегінде, әрбір әшекейінде халқымыздың тарихының, ой-дүниесінің қайталанбас көрінісі бар. Ол – ұлттық мәдениет.

Национальная одежда и аксессуары

Казахская национальная одежда отражает этнические, экономические и климатические аспекты и шьется с учетом традиций и обычаев. В старину по одежде казаха, особенно по шапану и головному убору, можно было понять из какого он региона, к какому роду принадлежит, каким ремеслом занимается и каково его социальное положение.

А пояса, выполненные из кожи, бархата, шерсти или шелка, были неотъемлемой частью ежедневного гардероба. На пояса из кожи наносились различные орнаменты и нашивки, инкрустировались драгоценные и полудрагоценные камни, металлы. Ремни молодых людей украшались пестрыми узорами. Пояса женщин были тоньше, их шили из шелка и бархата.

Казахская национальная одежда и аксессуары, удобные и практичные, а равно красивые и качественные, развивались вместе с культурой народа. Именно в ней нашло свое наиболее широкое применение мастерство народных ремесленников. В каждой казахской одежде, в каждом ее узоре и элементе проглядывают история народа, культурные и бытовые аспекты жизнедеятельности.

National clothes and accessories

Kazakh national clothes reflect ethnic, economic and climatic aspects. In old times one could identify a Kazakh's place of origin, native clan, what he did for a living and what was his social establishment by his outfit, especially "shapan" coat and headdress.

Belts, made of leather, velvet, wool or silk were an integral part of everyday wardrobe. Leather belts were ornamented with ribbons, precious metals and gems. Youngmen wore bright belts of leather, and women preferred thinner belts made from silk and velvet.

Kazakh national clothes and accessories, comfortable and practical, equally beautiful and qualitative, developed with the people's culture. Craftsmanship of the nation was best applied in the way men and women dressed. Each Kazakh clothing, each of its ornaments and elements are an exposition of nation's history, cultural and domestic context of being.





















Қазақи интерьерер

Күнделікті тұтынатын қазақи заттар әдетте ең алдымен көшпенділердің өміріне қолайлылығымен ерекшеленетін. Яғни, жинауға ыңғайлы, алып жүруде қиындық тудырмайтын. Дей тұрғанмен сән-салтанаты, көз тартар әсемдігімен ерекшеленетін. Табиғи материалдардан жасалған, жеңіл әрі пайдалы дүниелердің жалғасы бүгінгі күні де тұрмыста бой көрсетіп тұрады.

Бір кездегі киіз үйдің керегесі мен төрін алып жататын түскііздер мен алашалар элементін қазіргі шебер кәсіпкерлер панно, картина түрінде пайдаланады. Ал аса шеберлікпен ойылып, өрнектеліп жасалған сандық пен үстіне жиылған жүкті қазір қыз жасауынан көруге болады.

«Басың құралсын» деген ырыммен жасалатын құрақ көрпе бүгінде шебер-кәсіпкерлердің басты табыс көзі болып отыр.

Предметы интерьера

Домашняя утварь кочевых казахов отличилась, в первую очередь, удобством для транспортировки. Она должна была легко собираться, сворачиваться и упаковываться, иметь легкий вес. Вместе с тем, кочевники также, как оседлые народы, стремились к эстетике и украшали предметы и вещи, которыми пользовались. Естественно, все производилось из натуральных материалов. Многие предметы интерьера юрты используются поныне.

Ковры и циновки, ранее служившие в юрте стеновыми и напольными покрытиями, теперь используются как панно. По сей день, девушке, выходящей замуж, в приданное дают нарядные матрасы көрпе, аккуратно сложенные на красиво украшенных сундуках из дерева.

Продуктом очень модной ныне техники шитья «пачворк» у казахов всегда были құрақ көрпе, пестрые лоскутные одеяла из тканей самых разных цветов.

Interior decorations

Nomadic Kazakhs' homeware had to be comfortable for transportation. They should be lightweight and easily collected and packed. Saying that, the nomads too strived for aesthetics and decorated things they used. Certainly, everything was made from natural materials. Many interior elements of yurts are still in use.

Carpets and mats which served as wall and floor covers in yurts, now are used as panels to decorate rooms in houses. Still a bride get for her dowry nice mattresses korpe, accurately collected on top of beautifully decorated dower chests made from wood.

The now fashionable patchwork technique was widely used by Kazakh since early times to produce quraq korpe, colorful patchwork quilts sewed from different textiles.

K
Karachaganak



K Karachaganak

















Ағаштан жасалған қазақтың ұлттық ыдыс-аяқтары
Казахская национальная посуда из дерева
Kazakh traditional wooden dishware

ТОО Блэк

www.astau.kz
@black.official.kaz

Қазақтың ұлттық азық-түлігі
Казахский традиционный дастархан
Kazakh traditional delicacies

ИП Иркиналинова З.Е.

www.vanil.kz

ИП Молдасанова Р.Б.

@ult_dami_kz

ТОО Нәтиже

www.natige.kz

ТОО Евразия Инвест ЛТД

www.saumal.kz
@saumalkz

ТОО Agargan

www.agargan.kz
asiamilk.aktau

ТОО Крендель

www.krendel.kz
@krendelpvl

Қазақтың ұлттық ойындары
Казахские народные игры
Kazakh folk games

ИП Курмашева Н.О.

www.kurmasheva.kz

Қазақтың ұлттық музыка аспаптары
Казахские музыкальные инструменты
Kazakh musical instruments

ТОО Жетіген саз аспаптар

@zakaz_dombyra_kyzylorda

ИП Атамұра

@atamura_ulttykaspab

Қазақтың зергерлік бұйымдары Казакские ювелирные изделия Kazakh jewelry

ИП Зергер

@By.kairat

ИП Сапа Ка

@sapa_ka_official

ТОО Ювелирное
Предприятие
Жемчужина

www.zhem.kz
@zhem.kz

Қазақтың ұлттық киімі мен аксессуарлар Национальная одежда и аксессуары National clothes and accessories

ИП Кожамжарова
Гульнар Даутовна

www.goldenaltay.kz

ИП Zhuldyz

www.maria-khanym.kz
@dm.khanym

ИП Сапа Ка

@sapa_ka_official

ТОО Нур-Шах

www.nur-shah.com
nur_shah_kazakhstan

ТОО Aigulline

www.aigulline.kz

ТОО TURAN-SKIN

www.turan-skin.kz

Шымкент кашемир

www.s-c.kz

Kadam.kz

@kadam_kz

ИП Асыл Мура

@kurak_asyl_mura

ИП Арыстанбекова

@qazyna_almaty

ИП Қадирбаев

@goldenfur.kz

ТОО Qaz Artis Centrum

@kiizo.kz

Қазақи интерьер
Предметы интерьера
Interior decorations

ИП Текемет

@tekemet.kz

ТОО Caspiy Lana Atyrau

@caspiylana

ТОО Бал Текстиль

www.baltekstil.kz

Швейный цех Бесаспап

@besaspap_kz

Адили Текстиль

@adili.kz

ИП Кошкарлова Алия

@kurak_aktau_aliya_alkozha



www.damu.kz
call-center 1408

